

КОМПАНИЯДА ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӨСЕК ЖАБДЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА СТАНДАРТТАР ҚАБЫЛДАНҒАН. СОНДАЙ-АҚ ВАГОНДАР ТАЗАЛЫҒЫ НОРМАТИВТЕРІ ҚАЙТА ҚАРАЛЫП, ЖОЛАУШЫ ПОЙЫЗДАРЫН САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, КЛИНИНГ БОЙЫНША ДА ЖАҢА СТАНДАРТТАР ӘЗІРЛЕНДІ.



Жәнібек ТАЙЖАНОВ,
«Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры



№39 (2856)
16/05/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

«АЛҒЫ ШЕПТЕ» – БАС ИНЖЕНЕРЛЕР

Кеше Астанадағы Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және дамыту орталығында өңірлік деңгейдегі бас инженерлерге арналған «Алғы шеп» модульдік оқыту бағдарламасы іске қосылды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Бағдарламаның ашылу салтанатына «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Юрий Лавриненко, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетов және Аппарат бастысы Серік Кеулімбаев қатысты.

Бірінші сөз алған Юрий Лавриненко «Алғы шеп» модульдік бағдарламаның мақсат-міндеті бас инженерлер қызметінің тиімділігін арттыру, бөлімшелердің қызметін басқарудың озық құралдарын енгізу, бас инженерлер институтының жаңа мәртебесін қалыптастыру, заманауи форматтағы кәсіби және көшбасшылық құзыреттерді дамыту екеніне тоқтала келіп, осы бағдарламаның әзірлеуде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жалғыз құрылтайшысы «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының рөлі мен маңызы зор екенін атап өтті.

Қанат Әлмағамбетов бұл бағдарламаға компанияның бас инженері жетекшілік ететін қызметтің, Адами ресурстарды басқару департаментінің тыңғылықты дайындалып,



жоғары деңгейде ұйымдастырылып отырғанын атап өтті.

– Бас инженерлер қызметінің көкжиегі кең. Бас инженер деген сөз техникалық мәселелердегі бірінші басшы дегенді білдіреді. Бас инженерлердің техникалық білімдерін жетілдіру ұлттық компанияның басты назарында. Бүгінгі оқыту курсы сіздерге беріліп отырған үлкен білім қоржыны. Оны әрі қарай тарату сіздердің міндеттеріңіз болмақ, – деді Қанат Әлмағамбетов.

Сонымен, «Алғы шеп» модульдік оқыту бағдарламасын ұйымдастыруға негіз болған басты алғышарттарға тоқталсақ, біріншіден, Қоғамның қауіпсіздік деңгейінің көрсеткіштерін және еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейінің көрсеткіштерін жақсарту болса, екіншіден, теміржолшылардың арнайы киімдермен және жеке қорғану

құралдарымен уақытылы қамтамасыз етілмеуі себеп болған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Сауле Истлееваның айтуынша, біліктілікті арттырудың маңызды алғышарттарының біріне, академиялық білім мен дағдылардың жоқтығы да себеп болған, өйткені бас инженерлердің 70%-ға жуығы бакалавриат бағдарламасын аяқтай отырып, сырттай жоғары білім алған.

Екі ай бойы үш модульдік оқу сатысынан магистральдық желі дирекциясының, жүк және жолаушылар тасымалының өңірлік деңгейдегі 33 бас инженері өтеді. Әрі қарай оқыту курсынан өткен бас инженерлер өз білімдерін желілік деңгейдегі қызметкерлерге беріп, бөлісетін болады. Өңірлік бөлімшелер, филиалдар және еншілес ұйымдардың бас инженерлері бес күн бойы үнемді өндіріс, еңбек

қорғау мәселелерінің қыр-сырына қанығып, қауіпсіздіктің әртүрлі формаларын зерттеп, меңгеретін болады. Бас инженерлер құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлеріне арналған техникалық сабақтар өткізетіндіктен, оларға оқытудың негізгі ерекшеліктері мен оқыту процесінің құрылымын және әдістемесін жете меңгеру қажет.

Екінші модуль метрология – қызметтің құқықтық негіздері, цифрлық дағдылар және профайлинг тақырыптарын қамтып, онлайн форматта өтетін болады. Ал үшінші, қорытынды модульде тыңдаушыларды кейстерді практикалық талдау, жобаларды қорғау, қорытындылар шығару, ал ең соңында үш модульдік оқыту курсынан өткенін растайтын сертификаттар алу шарасы күтіп тұр.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ЭКСПОРТТА ӨСІМ БАЙҚАЛАДЫ



Үстіміздегі жылдың үш айында Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша теміржол көлігімен 433,2 мың тонна жүк тасымалданған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 63,7%-ке ұлғайып отыр.

Осы ретте транзиттік тасымалда контейнерлер үлесі 4 мыңнан астам ЖФЭ-ні құраған. Сырт елдерге жөнелтілген Қазақстан экспорты 2,7 есеге өссе, импорттық тасымалдар 22%-ке артқан. Тұрақты өсімге ҚТЖ-ның транзиттік дәлізді дамыту бағытында қабылдаған шаралар кешені ықпал еткен.

«KTZ Express» АҚ мамандары алға тартқан мәліметке сүйенсек, бүгінгі таңда Қытайдан контейнерлерде томат пастасы, химикаттар мен жабдықтар Оңтүстік Еуропа мен Түркияға транзитпен тасымалданып жатса, Қазақстаннан түсті металдар, ферроқорытпалар, жасымдық астық жүктері сияқты тағысыз тағы жүктер контейнерлерге тиеліп жөнелтілуде екен.

ТХКБ – теміржол көлігімен теңіз порттары байланыстыратын мультимодальды бағдар. Соған байланысты ТХКБ бағдарына қатысушылармен бірлесіп күн сайын инфрақұрылымды жақсарту, кедергілерді жою, дәліздің өткізу қабілетін арттыру және жүктердің қозғалу уақытын қысқарту жөнінде шаралар қабылданды.

Ислам ТАЛГАТ

ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ



В Костанайском отделении грузоперевозок продолжают увеличивать объемы отгружаемой номенклатуры. Так, по итогам апреля в регионе было погружено два миллиона 351 тысяча тонн различных грузов.



Как сообщил заместитель директора филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Ерден Аманов, в среднем в сутки на станциях региона отгружалось по 78,4 тысячи тонн.

Цветной руды при техническом плане погрузки на месяц в 6 188 было погружено 10 006 вагонов, что на 251,5 тысячи тонн выше плана. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, погрузка увеличена на 74,3 тысячи тонн.

Что касается зерна, то здесь при техническом плане в 2 433 было фактически погружено 3 865 вагонов. К тому же периоду прошлого года погрузка увеличена на 91,2 тысячи тонн.

Продуктов перемела было погружено 1 775 вагонов, что выше плана на 532 вагона. В сравнении с периодом прошлого года, погрузка увеличена на 19,8 тысячи тонн.

– Мы продолжаем увеличивать объемы перевозок с нашими китайскими, центральноазиатскими, азиатскими и даже европейскими партнерами, – говорит Ерден Аманов. – Данные направления наиболее перспективные и, соответственно, приоритетные.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай
Фото автора

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОН ПАРКИ
БИЫЛ

100

ЖАҢА ВАГОНМЕН ТОЛЫҒАДЫ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ
ТӨРТ АЙДА «КУТУ ПАРАҒЫ»
АРҚЫЛЫ

25 000

БИЛЕТ САТЫЛҒАН.

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ АЛМАТЫ
МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ
БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША

55

ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ЖОЛ
КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ.

Форум

МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

10-12 мамыр күндері елордада машинажасаушылардың XI форумы өтті. Отандық көлік құрастырушылар саладағы өзекті мәселелерді ортаға салған дәстүрлі форум аясында «Kazakhstan Machinery Fair 2023» машина жасау және металл өңдеу бойынша Халықаралық мамандандырылған көрме ұйымдастырылды. Маңызды іс-шараның соңғы күні бір секциялық бағыт теміржолдың машина құрастыру саласына арналды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Бұл секция отырысына «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Котырғев төрағалық етті. Оның айтуынша, бүгінгі таңда форумның бытырғы секциялық отырысының қорытындысы бойынша вагон жасауды дамыту бойынша Кешенді жоспар әзірленіп, ол қазіргі таңда бекіту үшін ҚР Үкіметінің қарауында

жатыр. Секцияға қатысушылар машина құрастыру саласындағы өзекті мәселелерді сөз етті. «Qazindustry» КИЭО» АҚ машина құрастыруды дамыту дирекциясы басшысының орынбасары Сандұғаш Күспекова 2024-2028 жылдарға арналған машина құрастыруды дамытудың Кешенді жоспары аясында теміржолда машина құрастыруды қолдау шаралары жайлы баяндады.

(Жалғасы 2 бетте)



Абай ТУРИКПЕНБАЕВ,
председатель правления АО «НК
«Актауский морской торговый порт»:

РЕАЛИЗАЦИЯ ТАКИХ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ ПОРТА АКТАУ, КАК СТРОИТЕЛЬСТВО КОНТЕЙНЕРНОГО ХАБА, ДООСНАЩЕНИЕ ПЕРЕГРУЗОЧНОГО ПАРКА ПЕРЕДОВОЙ ТЕХНИКОЙ, ДНОУГЛУБЛЕНИЕ АКВАТОРИИ, УДЛИНЕНИЕ ПРИЧАЛА № 3, А ТАКЖЕ ВОССТАНОВЛЕНИЕ МОЩНОСТЕЙ НЕФТЕНАЛИВНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ, ПОЗВОЛИТ УВЕЛИЧИТЬ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ ПОРТА ПО ПЕРЕВАЛКЕ ГЕНЕРАЛЬНЫХ ГРУЗОВ И КОНТЕЙНЕРОВ ДО 3,8 МИЛЛИОНА ТОНН В ГОД, А НЕФТИ – ДО 12,7 МИЛЛИОНА ТОНН

МАКСИМАЛЬНО АВТОМАТИЗИРОВАТЬ УПРАВЛЕНИЕ ПЕРЕВОЗКАМИ



В путевой комплекс входят серьезные инновации. В АО «НК «ҚТЖ» внедряется отечественная система микропроцессорной централизации. Так, на одном из самых загруженных направлений – на участке Достык – Актогай введена в опытную эксплуатацию система МПЦ-QZ казахстанских разработчиков.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

По словам специалистов, разработка представляет собой новое поколение микропроцессорных централизаций. Это современное платформенное решение, в котором интегрированы функции линейного пункта ДЦ, автоматической блокировки, автоматической локомотивной и переездной сигнализации.

Применение МПЦ-QZ позволит максимально автоматизировать управление перевозочным процессом, обеспечить требуемую пропускную способность железнодорожных линий. При этом благодаря встроенной системе диагностики и мониторинга значительно

сокращаются эксплуатационные расходы.

Как отметил руководитель центральной лаборатории АО «НК «ҚТЖ» Бахыт Тойбаев, система уменьшит влияние человеческого фактора, что положительно скажется на безопасности движения поездов, а также даст толчок развитию отечественных кадров и внедрению цифровых технологий в управление перевозочным процессом.

МПЦ-QZ надежна и безопасна, управление происходит автоматически. Соответственно, снижается риск возникновения отказов и вмешательства в систему. Это очень важно, ведь на участке Достык – Актогай движение поездов интенсивное, и понятно, что его безопасность и ритмичность не должны зависеть от



человеческого фактора. Поэтому и возник вопрос его обеспечения данной системой. Ветераны отрасли также уверены, что для столь грузонапряженного участка это очень серьезное достижение. Они отмечают, что с каждым годом развитие инфраструктуры способствует увеличению пропускной и провозной способности дороги.

Кроме того, эта система обеспечивает информационную безопасность объекта. Оборудование рассчитано на управление крупными станциями и целыми участками железных дорог. В целом цифровая автоматика повысит безопасность и эффективность перевозок.

Фото Александра ЖАБЧУКА

БІЗДІҢ КОМАНДАҒЫ БІР БӨЛГІ БОЛЫҢЫЗ

ТІРКЕУ
Job.railways.kz сайтына тіркеліңіз

ҮН ҚАТУ
Өзіңізді қызықтыратын бас орнына үн қатыңыз

ТҮЙІНДЕМЕ СКРИНИНГІ
Компания сіздің түйіндемелік бас орнына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін қарастырады

ТЕСТІЛЕУ
Бағалау процедураларынан өтініз (сәйкес болған жағдайда)

СҰХБАТ
Кәсіби және жеке іскерлік құзыреттілігіңізді бағалау үшін сұхбатқа шақырыламыз

ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ
Сұхбаттан сәтті өткен жағдайда сізді жұмысқа шақырамыз

JOB.RAILWAYS.KZ
ТІРКЕЛІҢІЗ

ТЕКСЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Рамазан МҰРАТҰЛЫ,
Шымкент



ОҚИҒА

Өткен жұмада Шымкент маңындағы Ігілік станциясында 18 жүк вагоны рельстен шығып кеткен болатын.

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің мәліметінше, Шымкенттен Арысқа бет алған жүк вагондарының жалпы саны 57 болған. Аударылған вагондарда ешқандай жүк жоқ, бос құрамдар екен. Адам шығыны да жоқ, тек апат салдарынан 11 электр бағаны темір жол бойына құлап зақымданған.



Төтенше жағдай салдарынан «Алматы-Маңғыстау» бағытындағы жолаушылар пойызы 1 сағатқа кешіккен. – Жол бойындағы бақылау нысандары 25 минутта қалпына келтірілді, қазіргі уақытта байланыс желісін қалпына келтіру, электрмен жабдықтау жұмыстары да толықтай жүргізілді. Сонымен қатар құлаған вагондар мен жалпы жүк құрамы Бадам станциясына жеткізіліп, вагондардың иелерін шақырып тексеру жұмыстары жүргізілуде. Оқиғаның себеп-салдарын анықтау мақсатында арнайы құрылған комиссия жұмыс істеп жатыр, – деді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» Шымкент филиалының бастығы Нұрдаулет Байғазиев.

Суретті түсірген автор

ЭЛЕКТРОМЕХАНИКТЕР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



СЕМИНАР

Жуырда Атырау электрмен жабдықтау дистанциясында электромеханиктер мен энергодиспетчерлерге арналған семинар-мәжіліс болып өтті. Ондағы мақсат – өндіріс барысында қауіпсіздікті сақтау, қуат көзін тарату жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білу және өзара тәжірибе алмасу.



Бағдарламалар мен бағыттамалы бұрмалар жұмысы, ғимараттардағы бүкіл автоматтандыру қызметтері электр қуатына тәуелді. Ал электр қуатының үздіксіз беріліп тұруын қамтамасыз ететін – электромеханиктер. Сондықтан олардың біліктілігі – маңызды мәселе. Семинарға Атырау қаласы мен аудандық торап электромеханиктері мен энергодиспетчерлері, барлығы 20 шақты амаан қатысты.

Семинар барысында «Трансформаторларды, қуат бағандарын кешенді тексеру және жөндеу», «Қосалқы трансформаторлардың жағдайын тексеру», «Электр қондырғылары жұмысындағы қауіпсіз жұмысты қамтамасыз етуді ұйымдастыру және техникалық шаралар», «1000 вольтқа дейінгі және одан жоғары электрқондырғыларына қатысты жеке қорғаныш құралдары мен олардың қолдану мерзімдері» т.б. тақырыптарда баяндамалар тыңдалып, түстен кейін сол баяндамалар негізінде практикалық сабақтар өтті. Атырау электрмен жабдықтау дистанциясының бас инженері Абай Есқалиевтің айтуынша, Сағыз бен Д.Нүрпейісова аралығындағы 860 шақырымды қамтитын дистанция бүгінде толық қуатымен жұмыс жасап келеді.

– Бұрын бізде жеке сектордағы абоненттер көп болатын, қазіргі уақытта олардан біртіндеп арылып, «Атырау-Жарық» АҚ сынды басқа да компаниялардың теңгеріміне берілуде. Енді тек темір жол нысандарына ғана қызмет көрсететін боламыз. Бұл біз үшін тиімді, өйткені «ортақ өгізден оңаша бұзау» дегендей, бұрынғыдай қосымша шығын жоқ. Өз қуатымызды өз нысандарымызға ғана жұмсаймыз. Аудандық тораптарда резервтік фидерлерді көбейтіп жатырмыз. Ол ешкімге тәуелсіз, дербес жұмыс жасауға қолайлы, – дейді бас инженер.

Семинарға келген мамандар бір-бірімен пікір алмасып, білмегендерін сұрап, білгендерін көрсетіп, тәжірибелерімен бөлісті.

Суретті түсірген автор

МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

(Соңы. Басы 1 бетте)

– Теміржолдағы машина жасау секторын дамытуға бағытталған шараларға тоқталсақ, 2028 жылға дейін Қазақстанның вагон паркін жаңарту Бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асыру жоспарланған. Сонымен қатар егер жеке компаниялардың паркі 70 пайыз отандық локомотивтен тұрмаса, импортталған локомотивтерді тіркеуге, тасымалдауға лицензия беруді тоқтату, Конкурс жеңімпазын ҚТЖ компаниясының жылжымалы құрамын жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған конкурстарды өткізу кезінде қызметтер мен тауарлар бойынша елішілік құндылық үлесінің ең аз шегін қамтамасыз етуге міндеттейтін сатып алуды жүргізу тәртібін анықтау, жылжымалы құрамды жөндеу немесе жаңғырту, дайындау бойынша функцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындарда сәйкестендіру кодының болу қажеттілігі туралы нормалар енгізу қарастырылады. Бұл мақсаттарды орындау үшін Қазақстанның даму банкі мен Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы жеңілдікті қаржыландыру жұмыстары көзделуде. Сонымен қатар отандық өндіріс орындарымен бірге вагон құюда сериялық өнімдер шығару жоспарланып отыр, бұл шығарылатын өнімдердің модельдік қатарын ұлғайтуға септік етеді. Бұған қоса теміржолдың машина құрастыру саласын дамыту бойынша орташа мерзімді перспективада басымдық жылжымалы құрамның компоненттері мен тораптарын жасауға беріледі. Бүгінгі таңда өндірілетін өнімдердің импорты 64 пайызды құрайды, жобаларды жүзеге асыру арқылы вагондарды локализациялау деңгейі 36 пайыздан 70 пайызға дейін артады деп



отырмыз, – деді С.Құспекова.

Бас инженердің айтуынша, Қазақстан қабылданған халықаралық міндеттемелерге сәйкес 2060 жылға дейін көміртек бойынша бейтараптыққа қол жеткізуге міндеттеме алған. Былтыр 26 тамызда ҚТЖ-да төмен көміртекте өндірісті дамыту бойынша Тұжырымдама бекітілген. Осыған байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженерінің орынбасары, Техникалық саясат департаментінің бас менеджері Талғат Қанатбаев «Пойыздар тартымындағы төмен көміртекте технологияларды дамытудың негізгі бағыттары» тақырыбында баяндама жасады.

– ҚТЖ – энергия ресурстарын пайдаланатын ең ірі тұтынушылардың бірі. Біздің үлесімізге дизель отынның тұтынудың шамамен 30 пайызы, энергия тұтынудың 4 пайызы келеді. Компания энергия тиімділік бойынша көп жұмыс жүргізіп отыр. 2013-2020 жылдар аралығында энергия тиімділігі көрсеткіші 17 пайызға жақсартылды. Біздің шығындарымыздың 90 пайыздайы пойыздар тартымына тиесілі. Соның үштен екісі – ди-

зель отыны мен электр энергиясына кетеді. Компанияда энергия тиімділікті арттырудың драйверіне жаңа локомотивтерді, мысалы ТЭЗ3А сериялы машиналарды енгізу жатады. Қолданыстағы әдістер бойынша локомотивтерден ауаға шығарылатын зиянды қалдықтар деңгейі 1770 тонна болса, электр тартымынан болатын қалдықтар – 1560 тонна, бірақ электр тартымына экологиялық тиімді көлік түрінде қарау қаншалықты дұрыс. Сондықтан мен қазір қолданыстағы ауаға зиянды қалдықтардың бөлінуін есептеу бойынша әдістерді қайта қарастыру керек дер едім, – деді баяндамашы.

Жынында сонымен қатар көліктегі машина құрастыру саласына кадрлар дайындау, Қазақстанда Stadler жолаушылар вагондарының заманауи түрлерін шығаруды ұйымдастыру тақырыбы да талқыланды. Өнімдері ҚТЖ-да пайдалануға беруге мақұлданып, өндіріске енгізуге рұқсат алған кәсіпорындар басшылары арнайы куәлікпен марапатталды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ӨТКЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ ӨТКІР ТҮР

Семей жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелері бойынша теміржол өткелдерін техникалық талапқа сай ету, соның ішінде асфальт жабындысын тексеру жұмыстары қолға алынуда.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Жуырда қос бөлімше басшылары Владимир Бабиченко мен Айдын Шәукеежанов бастаған арнайы топ қала ішіндегі жол өткелдерін аралап, техникалық ахуалын тексерді. Бөлімше бойынша тұңғыш рет кең көлемде ұйымдастырылып отырған комиссиялық бақылауға жол, белгі беру және байланыс дистанциялары басшылары, мамандары және желілік полиция мен облыстық, қалалық әкімдіктің автомобиль жолына жауапты өкілдері қатысты.

Тексеруші топ негізінен жол өткелдеріндегі асфальт жабынына назар аударды. Жалпы, осыған дейін мұндай орындарда, яғни рельстер аралықтары мен түйіспелері маңында теміржолшылардың өз күшімен ғана

жеңіл-желпі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Алайда, жол төсемі бүгінгі күндері әбден тозғандықтан шұңқырларды жамап-жасқандың өзі мүмкін болмай барады. Үгітіліп, ойдым-ойдым бола бастаған мұндай орындарға қалалық әкімдік тарапынан ешқандай күрделі жөндеу жүргізілмейді. Сол себепті

кейбір жол өткелдері теміржолшылар қауымының алаңдаушылығын тудыра бастаған. Оның үстіне бүгінде автокөлік ағыны артып, жолға түсетін салмақ та әлдеқайда ұлғайған. Өткелдер кезекшілері рельсті жол үстімен өтетін автокөліктер шұрық-тесігі шығып жатқан жолдан өтерде жүре алмай, кібірткіттеп қалатынын айтады. Мұның арты бір күні қайғылы жағдайға апарып соғуы әбден мүмкін деседі олар.

Тексеру барысында анықталғандай, көліктер ағыны толас таппайтын Семей қаласының ішіндегі он шақты жол өткелдеріне жаңадан асфальт жайып, кейбірінің тозығы жеткен төсеніш резиналарын ауыстыру қажет екендігі нақтыланды.

– Анықталған кемшіліктерді жойып, мәселені уақыт оздырмай жергілікті атқарушы билікпен бірлесіп шешу қажет. Бүгінгі көшпелі тексеру жұмыстарының негізгі мақсаты да сол, – деді бұл орайда пікір білдірген бөлімше басшысы Владимир Владимирович.

Тексеру қорытындысы бойынша бірқатар шешім қабылданды: Семей магистральдық желі бөлімшесі басшылығы үш күн ішінде қаладағы теміржол өткелдерінің техникалық ахуалы және де оларды жөндеуге қажетті материалдар бойынша арнайы хаттама әзірлеуі тиіс. Сондай-ақ Абай облысы әкімі орынбасарының қатысуымен арнайы кеңес өткізіліп, теміржол өткелдерін талапқа сай ету жайы кең көлемде талқылануы тиіс.

Суретті түсірген автор

Сұхбат

ТҮЛКІБАСТЫҢ БАС ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

Үшінші мегаполис Шымкентке кіре қақпа сынды Түлкібас станциясын кім білмейді?! Табиғаты көркем, таулы қыратты, жап-жасыл бау-бақшалы, тал-теректі жерде орналасқан осы станцияның бастығы Нематилла Тойчибаевпен сұхбатымызды ұсынамыз.

Сабира БАЙЗАХОВА,
Шымкент

– Нематилла Ергашбекұлы, сал күнде құрметті зейнет демалысына шыққалы отыр екенсіз, Түлкібастың бас теміржолшысы болудың жауапкершілігі қандай?

– Түлкібас станциясына 34 жыл еңбегім сінді. 1989 жылы мен аға жүк қабылдап-тапсырушы, әйелім аға тауар кассирі болып келдік станцияға, содан бері уақыт деген көзді ашып жұмғанша өте шыққан секілді. Соңғы 7 жылда станцияны басқардым. Мен туған жер де табиғаты көркем аймақ. Бірақ Түлкібасқа жететін жер жоқ. Жер жәннаты қайсы десе, біздің Түлкібас дер едім. Түлкібас ауданында мал өсіру, ауыл шаруашылығы жақсы дамыған. Не жоқ бұл жерде, жеміс-жидек, көкөніс, ет-сүт, омарта ұстап бала айыратындар, бие байлап саба-саба қымыз баптағандар – бәрі осында. Ал атақты Түлкібастың алмасы күзде, қыста

вагон-вагонмен шет елдерге дейін жөнелтіледі. Жалпы мен бала кезден темір жолға ғашық болдым. Орта Азияның тарихында темір жолдың орны бөлек, сосын әлемде барлық революциялар бастауында теміржолшылар тұрады, неге десеніз, теміржолшылардың ойлау қабілеті мен жұмысқа деген жауапкершілігі басқа мамандықтарға қарағанда әлдеқайда белсенді, батыл да жауапты келеді, қиындықтан қорықпайды, себебі теміржолдан түрлі жағдай болады, ондай кезде тез шешім қабылдап, жылдам бейімделуің қажет, осының бәрі мінезге әсер етеді. Темір жолда жүріп талай қиын күндерді бастан кештік, компания тарихында айлап-жылдап жалақы төленбеген кездер де болды, бірақ мансап пен ақшадан бұрын теміржолшының жауапкершілігін жоғары қойған нағыз кәсіби мамандар жұмысты тастап кетпеді. Біздің станцияның шағын ұжымы сондай қиын-қыстау кездерде сыналған, бір-біріне әбден сырағы болған



тәжірибелі теміржолшылардан құралған. Сондықтан мұндай станцияны басқару мен осындай ұжымда еңбек ету мен үшін жауапкершілік қана емес, бақыт болды дер едім.

– Бұрынғы және кейінгі басқару үлгісінде айырмашылық бар ма? Көңіліңіз толатын немесе толмайтын жағдайлар не?

– Мен темір жолда еңбек еткен 37 жыл тұмырыма ризамын және мақтан тұтатын. Маған темір жол адалдық пен адамдықты, шыдамдылықты, темірдей төзімді үйретті. 1990 жылдары біздің станция бойынша тәулігіне 200 вагон айналымы болса, бүгінде ол небәрі 0,5 вагонды құрайды. Әрине көңілің толғатын да, толмайтын да жағдайлар бар, өз қызметіммен байланысты айтсам, бұрын станция басшыларының қолында билік болды, экономика, тасымал мәселесін өздері шешті. Бұл – өндірісті тиімді басқару тетігі. Ал бүгінде станция

бастығында дербестік жоқ, тек орындаушы, менің ойымша бұл оның ойлау, шешім қабылдау қабілетін шектеп, жұмысқа деген ынтығасын кемітеді.

– Еңбек жолыңыз қалай басталды?

– Жалпы, менің туып өскен жерім осы Оңтүстіктегі Сайрам ауданының Ақсу ауылы. Ташкент теміржол көлігі инженерлері институтын бітірген соң жолдамамен үш жыл Өзбекстанның Жызақ станциясында пойыз құрастырушыдан бастап станция кезекшісі, станция бастығының көмекшісі болып еңбек еткен уақыт мен үшін нағыз тәжірибе мектебі болды. Жарым Рита екеуіміз институтта бірге оқып, өмір бойы бірге еңбек етіп келеміз. Мен биыл, ол былтыр зейнетке де қатар шығып жатырмыз. Түлкібасқа қатты бауыр бастық. Осы жерде өсіп-өндік, үш баламызды оқытып-жетілдірдік.

– Балаларыңыз теміржолшы кәсібін жалғастырды ма?

– Тұңғышымыз Ұлықбек Санкт-Петербург теміржол көлігі университетін бітірген. Қазір бір кезде өзіміз оқыған Ташкент теміржол көлігі институтында оқытушы және өндірістік қызметті ұйымдастыру мен бақылау бөлімінің басшысы қызметін атқарады, яғни болашақ теміржолшыларды даярлайды.

– Әсерлі өңгімеңізге рахмет!

Суретті түсірген автор

Безопасность

ЕСТЬ ПОВОД ЗАДУМАТЬСЯ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» прошло совещание Координационного совета по предупреждению несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте по итогам первого квартала 2023 года.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Участие в заседании приняли представители ЛУП Астаны, ЛОП Кокшетау, Петропавловска, первые руководители станций, эксплуатационных локомотивных и вагонных депо, дистанций пути, сигнализации и связи, электроснабжения, расположенных в границах Акмолинского отделения, руководство и специалисты Акмолинского отделения магистральной сети.

Открывая заседание, главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржаксин отметил положительные результаты, достигнутые в рамках проводимых работ, а также остановился на предстоящих задачах, поставленных перед филиалом.

По статистике, самое распространенное нарушение на железнодорожном транспорте среди посторонних граждан – хождение по путям в состоянии алкогольного опьянения, несоблюдение правил



безопасности при переходе через железнодорожные пути и суицид.

– Находясь в зоне повышенной опасности, граждане с пренебрежением относятся к самым элементарным нормам поведения на объектах железнодорожного транспорта. К примеру, многие выбегают на пути перед близко идущим поездом, пролезают под составом, а также поднимаются

на крышу вагонов, – отметил Сайран Баржаксин.

В целях предупреждения несчастных случаев с гражданами, в особенности с детьми, ежемесячно руководством станций и локомотивных депо в онлайн-формате проводится беседа, ведется работа по публикации материалов о соблюдении правил безопасности при переходе через железно-

рожные пути в групповых чатах школ. Не остается в стороне и разъяснительная работа с жителями населенных пунктов через мессенджеры Instagram, Telegram.

В целом за отчетный период в районных и городских газетах опубликовано 10 статей на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности», проведено 171 совместный рейд, 180 бесед с жителями отдельных пунктов, 168 встреч в учебных заведениях.

Вместе с тем тревожное положение остается на участках, где жилые массивы расположены вблизи железной дороги, жители которых чаще всего осуществляют несанкционированные переходы через железнодорожные пути. Дежурными по станции, операторами пункта технического обслуживания ранее по громкоговорящей связи с интервалом два часа производится предупреждение об опасности перехода железнодорожных путей в неустановленных местах и маневровых работах.

В заключение главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» выразил благодарность за проводимую работу руководителями станций, локомотивных депо, дистанций ПЧ, ЭЧ, инженерами, главными специалистами безопасности движения, сотрудниками ЛОП, ЛУП, ВЖДО по предупреждению наездов на посторонних людей.

Фото автора

МАКСИМАЛЬНАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ

В преддверии летних каникул в городе Шемонаихе представители железной дороги линейного отдела полиции и провели для учеников общей образовательной школы № 5 имени Ахмета Байтурсынова важную лекцию.

Ольга СТЕБЛЯНКО,
Усть-Каменогорск

Начальник ЛОП на станции Шемонаиха, капитан полиции Ернур Мурат и заместитель Оскеменской дистанции пути ПЧ-37 Фархат Кабылдаев пришли к учащимся седьмого класса, чтобы рассказать им, как правильно вести себя в зоне повышенной опасности, которой является железная дорога.

– При высокой интенсивности и повышенных скоростях движения поездов, при огромных объемах перевозок железная дорога представляет определенную опасность для людей, проживающих вблизи нее или пользующихся ее услугами, – объяснили



они школьникам. – Находясь вблизи путей, нужно быть предельно внимательными. Под колесами железнодорожного транспорта ежегодно получают травмы десятки детей и подростков. Есть немало случаев травма-

тизма, в том числе со смертельным исходом.

По их словам, самой распространенной причиной травматизма является хождение по путям и переход в неустановленных местах. Находясь вблизи железнодорожных путей, необходимо выполнять общепринятые правила личной безопасности: переходить пути только в установленных местах, пользуясь пешеходными мостами, тоннелями, настилами, убедившись в том, что неподалеку нет движущегося поезда или маневрового локомотива.

– По словам специалистов, часто визиты детей на железную дорогу связаны отнюдь не с необходимостью воспользоваться транспортом в качестве пассажира, а с играми, забавами, – объяснил Ернур Мурат.

К слову, с 15 по 19 мая на участке обслуживания ЛОП на станции Оскемен-1 проводится широкомасштабная акция «Безопасность на транспорте».

Фото Ернура МУРАТА

ИЗБЕЖАТЬ СТОЛКНОВЕНИЙ

В границах Астанинской дистанции пути в этом году планируется возвести семь километров скотоизгородей.

Любовь РОВБА,
Астана

Как правило, причиной экстренных торможений поездов наряду с выходом людей на пути становится домашний скот, оставленный без присмотра хозяев.

В прошлом году по Казахстану на железной дороге было сбито 652 животных, и только 26 из них – дикие. В 302 случаях наезд допущен пассажирскими поездами.

Не нужно объяснять, чем чреваты такие столкновения. Нередко скот становится причиной серьезных повреждений подвижного состава, не говоря об опасности для пассажиров.

С начала 2023 года по Астанинской дистанции пути машинисты трижды прибегали к экстренному торможению – во всех случаях с наездом на диких животных. По счастливому стечению обстоятельств повреждений локомотива и

травмирования людей при этом не было.

Работники дистанции совместно с полицейскими на транспорте постоянно проводят профилактические беседы с населением. Владельцам скота раздают памятки, предупреждают о штрафах. Однако из года в год нарушения повторяются. В прошлом году по Казахстану привлечены к ответственности 515 скотовладельцев.

В качестве еще одной меры профилактики в границах Астанинской дистанции пути в прошлом году построено 40 километров скотоизгородей и отремонтировано шесть километров. В этом году планируется построить семь километров ограждения и отремонтировать 6,3. Работы начнутся уже в июне.

ПЕРВЫЕ ВО ВСЕМ



Значимое событие произошло в жизни коллектива Жанааркинской дистанции сигнализации и связи Карагандинского региона. Ему был вручен сертификат доверия в области безопасности и охраны труда.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

– Данный сертификат отменяет очередную плановую проверку состояния безопасности и охраны труда в подразделении, – рассказывает старший электромеханик комплекса технических средств модернизации КТСМ, председатель первичной организации Магауия Мухаммедин. – Таким образом, коллектив предприятия на протяжении долгого времени демонстрирует соблюдение правовых, социально-экономических, организационно-технических, санитарно-гигиенических, лечебно-профилактических

правил, способствующих сохранению жизни и здоровья работников в процессе трудовой деятельности.

Однако не только в этой сфере преуспевают работники Жанааркинской дистанции сигнализации и связи, но и в социальной тоже. К примеру, в прошлом году была оказана благотворительная помощь двум многодетным семьям, имеющим пятерых и семерых детей. Также коллектив активно участвует в спортивных мероприятиях. Два года подряд работники дистанции занимают призовые места в турнирах по волейболу и футболу. Кроме того, они принимают активное участие в таких видах спорта,

как настольный теннис, легкая атлетика, гиревой спорт, дартс.

На предприятии профсоюзом организуются корпоративные мероприятия, связанные с выездом на природу, празднованием Наурыз, Дня железнодорожника, женского дня 8 Марта. В проведение мероприятий вовлечены сотрудники, обладающие талантами, которые они в полной мере демонстрируют на различных творческих конкурсах.

Жизнь в Жанааркинской дистанции сигнализации и связи идет полным ходом. Во всех сферах они проявляют большой потенциал и отличные показатели в работе.

Фото автора



СРАБОТАЛИ ОПЕРАТИВНО

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск



На станции Чингирлау Западно-Казахстанской области в пассажирском поезде обнаружен человек с подозрением на особо опасную инфекцию.

На станции Уральск прошли тренировочные учения по отработке порядка взаимодействия служб и ведомств Западно-Казахстанской области на случай выявления больного или с подозрением



заноса и распространения карантинных и особо опасных инфекций в регионе.

По легенде учений, 27 апреля 2023 года в 7.20 по местному времени к проводнику купейного вагона № 10 пассажирского поезда № 7 сообщением Алматы – Саратов по прибытии на станцию Чингирлау обратился пассажир с жалобами на внезапное повышение температуры, мышечную боль и головокружение. При дальнейшем эпидемиологическом расследовании установлено, что он с 17 по 19 апреля в туристических целях посещал Индию.

Согласно алгоритму действий, проводники ограничили передвижения пассажиров, закрыли входы-выходы вагона, выделили для больного отдельное место. На ближайшей станции сотрудники санэпидконтроля на транспорте провели его осмотр, составили списки контактных лиц, далее передали больного коллегам из инфекционной службы и скорой помощи, а вагон подвергся тотальной дезинфекции соответствующими службами. В это же время сотрудники линейного отдела полиции и ВЖДО оцепили территорию вокруг вагона с больным, контролируя движение контактных пассажиров и не допуская их контакта с посторонними лицами извне.

Собственно, именно этот алгоритм и отработывался в тунике пассажирских вагонов на станции Уральск всеми причастными службами. В итоге «большой» госпитализирован, «очаг заболевания» локализован. «Контактные лица» взяты под медицинское наблюдение на срок инкубационного периода.

– Тренировочные учения прошли на высоком уровне, все причастные организации показали свои знания и навыки, поставленные цели и задачи достигнуты, – резюмировал заместитель руководителя департамента санитарно-эпидемиологического контроля по ЗКО Нурлыбек Мустаев.

Фото автора

ВСТРЕЧА С ДЕПУТАТАМИ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



Представители первичных профсоюзных организаций ОО «Казпрофтранс» Защитинского округа, регионального совета ветеранов-железнодорожников, жителей микрорайона Защита Усть-Каменогорска встретились с депутатами областного и городского маслихатов, руководством филиала партии «AMANAT».

В микрорайоне Защита проживает большое число железнодорожников, ветеранов стальной магистрали. От того, как будут решаться бытовые вопросы, зависит в немалой степени и продуктивность их деятельности, считает заместитель председателя регионального совета ветеранов-железнодорожников Восточно-Казахстанского участка Галина Паршенникова.

Булбул Бакинова, которая представляла на встрече двух депутатов маслихатов – Ерлана Мусабека и Асем Мамутову, рассказала, что жители Защиты всегда могут обращаться к своему народному избраннику, врачу по профессии, Ерлану Мусабеку по поводу оказания медицинской помощи, выделения квот, лечения хронических заболеваний.

Мероприятие проходило в формате «вопрос-ответ». Основные проблемы, которые затронули участники мероприятий, касались благоустройства железнодорожного микрорайона: это спил старых и больных деревьев во дворах, обеспечение маршрутными такси, местами в детских садах, ремонт дорог, отлов бездомных животных.

Представители депутатов записали все вопросы от жителей Защиты и пенсионеров-железнодорожников, пообещав их решить.

– Такие встречи нам всем обязательно нужны. Они очень полезны. И нужно, конечно, чтобы на них присутствовали именно депутаты. Так, сообщаем найдем решение наших проблем. Я в начале мая уже побывала на встрече с депутатами маслихата и представителями партии «AMANAT», – рассказала Галина Паршенникова. – Мне понравилось. Вопросы решаются моментально.

№39 (2856) 16/05/2023

КАРТ МАШИНИСТІ ҚҰТТЫҚТАДЫ



Жұма Сүйіндіков – Маңғыстау локомотив пайдалану депосындағы жалғыз тыл ардагері. Түбекке темір жол тартылып, салаға қажетті мамандарды жан-жақтан жинаған жылдары көрші елден атамекеніне оралған қандастың бірі.

Содан бері қойнауы құтты мекенде тұрақтап, өмірін темір жолмен байланыстырған карт машинисті локомотив депосы мен кәсіподақ ұйымының өкілдері Жеңіс мерекесімен құттықтай барып, хал-жағдайымен танысып қайтты. Өңгіме-дүкен құрып, шер тарқатқан қарияның әжім басқан жүзі жадырап, бір жасап қалды. «Маңғыстауда темір жол ашылып жатыр дегенді естіп ойланбастан көштің басын осында бұрып, ұрпағымды тарихи Отанына жеткіздім. Көп, бәлкім аз болар, қандай болса да еңбегімді ата-бабам аруағына бұрып, ұрпағымды тарихи Отанына жеткіздім. Көп, бәлкім аз болар, қандай болса да еңбегімді ата-бабам аруағына бұрып, ұрпағымды тарихи Отанына жеткіздім. Ал 1966 жылы атамекенге қоныс аударып, түбекте тағы отыз жыл машинист болған.

келсе де басшылықтың сұрауымен жинаған тәжірибемді жастарға үйрету мақсатында 1996 жылға дейін жұмыста қалдым», – дейді тыл ардагері. Ардагер бүгінде Жаңаөзенде тұрады. 1930 жылы Түркіменстанның Красноводск облысында дүниеге келген ол соғыс басталғанда мектепте оқып жүрген бала екен, 12-13 жасынан еңбекке араласады. Соғыс біткеннен кейін ФЗО-да алты ай оқып тепловоз машинистің оқытушысы болады. 1950 жылы Кеңес армиясы қатарына шақырылып, борышын Новосибирскте өтейді. 1954-1966 жылдар аралығында Түркімен теміржолында тепловоз машинисті болады. Ал 1966 жылы атамекенге қоныс аударып, түбекте тағы отыз жыл машинист болған.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Суретті түсірген автор

ИМЯ, СТАВШЕЕ ЛЕГЕНДОЙ

В Академии логистики и транспорта в Алматы прошли торжественные мероприятия, посвященные 144-й годовщине легендарного инженера-железнодорожника, строителя Турксиба – Мухамеджана Тынышпаева.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Мероприятие началось с церемонии возложения цветов к памятнику выдающегося железнодорожника. Участие в нем приняли руководство Вуза, Алматинского отделения грузовых перевозок, отделения магистральной сети, профсоюза, а также ветераны-железнодорожники. Они почтили память выдающегося человека, который оставил потомкам научные труды, очерки о происхождении казахского народа, которому служил верой и правдой.

В рамках празднования было отмечено, что под его руководством была построена автомобильная дорога с твердым покрытием Алма-Ата –

Пишпек, проведены изыскания по строительству дороги Алма-Ата – Талды-Курган, предложен новый вариант дороги Алма-Ата – Хоргос. В январе 1927 года по настоятельному предложению Турара Рыскулова он был включен в Комитет содействия строительству Турксиба, созданный в декабре 1926 года. Мухамеджан Тынышпаев принимал активное участие в подготовке «агентов эксплуатации дороги», по его инициативе были созданы курсы, на которых обучались 60 молодых казахов. Также он занимался разработкой проекта прокладки железнодорожной колеи через Чокпарский перевал, который позволил сэкономить 25 миллионов рублей и почти на год сократить сроки строительства Турксиба. В



1928 году настоял на Балхашском варианте трассы, благодаря чему было сэкономлено около миллиона рублей при строительстве и сто тысяч рублей в год при эксплуатации железной дороги.

В рамках торжества было отмечено, что железнодорожная отрасль всегда чтит своих героев, сохраняя в памяти имена и поступки людей, отдавших всю жизнь железнодорожному транспорту.

Так, в Центральном музее железнодорожного транспорта Казахстана первым казаху инженеру-железнодорожнику Мухамеджану Тынышпаеву посвящен отдельный зал, где собраны многочисленные документы, фотографии, публикации в прессе, хранится кинолента документального фильма, снятого сыном Мухамеджана Тынышпаева, выпускником ВГИКа Искандером.

Фото автора

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның ұйымдастыруымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалындағы жұмыскерлердің жағдайына қатысты кездесу өтті.

Жиынға ПЧ, ЭЧ, ШЧ мекемелерінің кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері қатысты. Сонымен қатар Магистральдық желі дирекциясынан департаменттер басшылары мен мамандар арнайы шақырылды. Отырысқа «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев төрағалық етті. Жиында құрылымдық теміржол бөлімшелеріндегі еңбек жағдайы, құрал-саймандармен жабдықталуы және басқа да өзекті мәселелер туралы кәсіподақ өкілдері жан-жақты сөз етті. Кәсіподақ өкілдері атынан «ҚТЖ» ҰК» АҚ



«Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директоры Сәкен Рахметовке сауалдар жолданып, еңбек жағдайын жақсартуға байланысты

ұсыныстар берілді. Кадр мәселесі бойынша сауалдарға Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Сауле Истеуева жауап берді. Жарты күнге созылған жиын барысында әсіресе Павлодар, Атбасар станцияларындағы жол, белгі беру және байланыс, электрмен жабдықтау дистанцияларының жай-күйі, сұраныстары баяндалды. Түстен кейін кәсіподақ басшылығы жиналған мекемелердің кәсіподақ басшыларымен бас қосып, қорытынды шығарды. Айтылған сұрақтар бойынша хаттама толтырылды. Алдағы уақытта сол бойынша компания басшылығы шешім қабылдап, тиісті шаралар атқарылатын болады.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БӘРІ ДЕ ҮЗДІК



Қызылорда локомотив пайдалану депосында «Ең үздік еңбек қауіпсіздігі, еңбек қорғау инспекторы» тақырыбында өткен байқауға Сексеуіл мен Шорнақ станциялары арасында мекемелердің еңбек қорғау инженерлері мен еңбек инспекторлары қатысты.

Теміржолшылардың білім-білігін ортаға салған сайысқа төрелік жасаған Қызылорда қосалқы бөлімінің еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы Ғалия Көлжасарова мен бөлімнің кәсіподақ ұйымы төрағасы Мұхтар Көпірбаев, Қызылорда локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Қанат Камилбаев пен Әзімхан Жіенбаев ең үздік еңбек қорғау инженерін анықтады.



Қызылорда қосалқы бөлімінің «НОД-ГП», Сексеуіл локомотив пайдалану депосының «ТЧ-36», Қазалы волево пайдалану депосының «ВЧД-6» және Қызылорда локомотив пайдалану депосының «ТЧ-34» командалары еңбек қорғау тақырыбында бақ сынасты. Конкурстың әр турында командаларға түрлі тақырыпта сауал беріліп, ең дұрыс әрі толық жауапты сараптап, таңдап, ұпай беру төрелік жасаушы қазыларға да оңай болған жоқ.

Бірнеше нұсқасы ұсынылып, тура жауап берген командаға жоғары балл қойылды. Еңбек қорғау ережелеріне қатысты бастығының орынбасары Қанат Камилбаев пен Әзімхан Жіенбаев ең үздік еңбек қорғау инженерін анықтады. Қызылорда қосалқы бөлімінің «НОД-ГП», Сексеуіл локомотив пайдалану депосының «ТЧ-36», Қазалы волево пайдалану депосының «ВЧД-6» және Қызылорда локомотив пайдалану депосының «ТЧ-34» командалары еңбек қорғау тақырыбында бақ сынасты. Конкурстың әр турында командаларға түрлі тақырыпта сауал беріліп, ең дұрыс әрі толық жауапты сараптап, таңдап, ұпай беру төрелік жасаушы қазыларға да оңай болған жоқ.

Байқауға қатысушыларға төрт турдың тақырыбына қарай сауалдар беріледі, дұрыс әрі толық жауап берген команда жоғары ұпай жинайды. Әрине, үздіктер сайыс қорытындысына орай анықталмақ, – деді еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы Ғалия Көлжасарова.

Бөлімшедегі осындай конкурс, семинарлар, өзге де танымдық шаралар теміржолшылардың кәсіби деңгейін жетілдіріп, тәжірибе арттыруына әсер етеді. Бүгінгі конкурста еңбек қорғау тақырыбында мол мағлұмат алдық, – деді «НОД-ГП» құрама командасының мүшесі, инженер Динара Оразалиева.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Суретті түсірген автор

КВИЗ

СИЛЬНЕЙШИЕ В БИТВЕ ИНТЕЛЛЕКТОВ

Десять самых эрудированных команд АО «НК «ҚТЖ» встретились в финале интеллектуальной игры «Теміржол білгірлері» в Астане. За звание лучших сразились порядка 300 железнодорожников из разных регионов Казахстана.

Организатором битвы интеллектов выступил департамент социальной политики. Программа предусматривала офлайн- и онлайн-формат проведения отборочных этапов. Так, открывали «Теміржол білгірлері» работники центрального аппарата, которые встречались в столице очно. Из девяти команд путевку в финал завоевали три: Legal service (юридический блок), «Неудержимые» (комплаенс-служба) и «Феникс» (департамент взаимодействия с международными организациями).

Два других отборочных раунда прошли в прямом эфире на платформе Zoom. Сначала лучших выявили среди филиалов – из 24 команд больше всех баллов набрали «Совет шести» из Семей, «Кто, если не мы?» (ЦДАЦ Астана) и команда «Семей», представляющая по большей части работниками Регионального центра обслуживания.

В состязаниях между дочерними организациями (из 25 команд) финалистами стали «Двойной экспресс» (АО «КТЗ Экспресс»),



«4+1» (Актобинское отделение ГП), DIESEL (ТОО «КТЖ – Пассажирские локомотивы»), «Пирамида» (станция Жана-Семей). В целом в отборочных этапах поучаствовали порядка 300 железнодорожников из разных регионов страны. Финальная схватка лучших из лучших состоялась в столице в

минувшую пятницу. Десяти командам-участникам предстояло продемонстрировать эрудицию, логику и сплоченность в четырех турах, по 10 вопросов на разные темы в каждом. В конкурентной борьбе сразу определились лидеры – по итогам первых двух туров наибольшее количество баллов

набрали Legal service – 17, в шаге от них остановились игроки из «Кто, если не мы?» – 15 баллов, у «Совета шести» – 14. Спустя еще два тура в тройке сильнейших оказались те же команды, однако железнодорожником из Семей удалось подняться на вторую строчку. Таким образом, победа – у Legal service (28 баллов), «серебро» завоевал «Совет шести». К слову, в прошлом году они тоже стали вторыми в финале. На третьем месте – «Кто, если не мы?».

Мы впервые участвовали в «Теміржол білгірлері» и очень рады победе! В отборочном туре наша команда состояла из двух человек, и ей удалось занять первое место. В финале тоже рассчитывали на лучший результат, хотя, конечно, волновались. Вопросы были простыми, но мы справились, – поделился представителем Legal service – главный менеджер департамента правового обеспечения АО «НК «ҚТЖ» Даурен Кожанов.

Он всегда поддерживает наши начинания и сам успешно представляет коллектив в разных состязаниях.

Призерам вручили дипломы и памятные подарки. Кроме того, дипломами за участие отметили остальные команды.

Любовь РОББА, Астана
Фото Александра ЖАБЧУКА

ПРОЯВИ СМЕКАЛКУ



В стенах технической библиотеки прошел турнир по тоғыз құмалақ среди железнодорожников Павлодарского региона.



Спортивное мероприятие организовано инструктором-организатором по спорту Павлодарского филиала АО «Казпрофтранс» Натальей Мартыновой. В турнире приняли участие работники Павлодарской дистанции электроснабжения, Павлодарской дистанции сигнализации и связи,

станции Павлодар, регионального филиала по пассажирским перевозкам «Северный», Павлодарского и Екибастузского эксплуатационных локомотивных депо, Екибастузского эксплуатационного вагонного депо. В итоге среди мужчин

первое место занял старший осмотрич вагонов ВЧД-16 Екибастуз Амангелды Ахметшайхов, второе место у электромонтера ЭЧ-13 Павлодар Ерболат Мурсалина и третье – у электромонтера ЭЧ-13 Павлодар Нурболата Мурсалина. Среди женщин лучшей стала приемосдатчик груза и багажа станции Павлодар Ботагоз Икласова, второе место завоевала менеджер отдела кадров ТЧ-18 Павлодар Жанар Мукажанова и тройку лидеров замкнула проводник пассажирских вагонов Павлодарского участка регионального филиала по пассажирским перевозкам «Северный» Мадина Мустафина. Работники, занявшие первые места, поедут на курорт Боровое на летнюю Спартакиаду представлять Павлодарский регион.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

<p>КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ</p> <p>Бас редактор Дина Муздубаева</p> <p>Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова</p>	<p>Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС</p> <p>Басылмның таралымы 11 340</p> <p>Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.</p> <p>Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық саялақы теміржол,</p> <p>автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.</p> <p>Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, С. Бакесова</p>	<p>Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Колдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шымкент: Сабара Байзахова 8-702-509-00-43</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 8. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92</p> <p>Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru</p> <p>Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.</p>
---	--	--	--